

М.А. Омарова^{1*}, К.Қ. Смағұлова²
¹ тарих ғылымдарының кандидаты
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
Алматы қ., Қазақстан

² философия ғылымдарының кандидаты
^{1,2} әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы қ., Қазақстан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ҚАЗІРГІ АХУАЛЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда халықаралық қатынастар тек мемлекеттер арасындағы әрекеттесуді қамтып қана қоймай, ғаламдық, трансұлттық сипатқа ие болуда. Қазіргі заманғы қауіп-қатерлер мен еларалық мәселелер әлемдік қауымдастықтың анағұрлым көп мүшесінің қатысуын талап етуде. Осы орайда мемлекеттердің халықаралық ұйымдар шеңберінде әрекеттесуі үлкен маңызға ие болды. Көптеген мәселелерді екіжақты форматта шешу мүмкіндігі болмағандықтан көпжақты ынтымақтасу қатысушылардан халықаралық-құқықтық реттеудің жоғары деңгейін қажет етеді. Сол үшін де мемлекеттер арасындағы байланыстардың маңызды тармағы ретінде олардың халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастығы қарастырылуда. Қазақстан да бұл үдерістен сырт қалып қоймай, бірқатар халықаралық ұйымдар құрудың бастамашысы болғаны да белгілі. Шығыстағы көршісі Қытаймен де халықаралық ұйымдар аясында байланыстарды дамытуда. Атап айтсақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, еліміздің тікелей бастамасымен құрылған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі шеңберіндегі ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Қазақстан мен Қытай үшін халықаралық ұйымдар аясындағы ынтымақтастықтың басты мақсаты аймақ қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтау болып табылады. Аймақтағы бейбітшілікті сақтаумен қатар сауда, экономика, көлік қатынасы секілді ынтымақтастықтың басқа салалары да көпжақты форматта дамып келеді, өзара байланыстарды дамытуда екі ғана емес көп мемлекеттің саяси-экономикалық әлеуетін пайдалану өте тиімді болып саналады. Мақалада Қазақстан мен Қытайдың халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастығының мәселелері мен даму болашағы қарастырылған.

Түйін сөздер: Халықаралық ұйымдар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, АӨСПК, мемлекетаралық ынтымақтастық, аймақ қауіпсіздігі

Омарова М.А. ^{1*}, Смағұлова К.К. ²
¹ кандидат исторических наук
КазУМОиМЯ им. Абылай хана, г. Алматы, Казахстан
² кандидат философских наук
КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

КАЗАХСКО-КИТАЙСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО В РАМКАХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация

Сегодня международные отношения охватывают не только взаимодействие между государствами, но также имеют глобальный, транснациональный характер. Современные угрозы и международные проблемы требуют участия большего числа членов мирового сообщества. В этой связи большое значение приобретает взаимодействие государств в рамках международных организаций. Поскольку многие вопросы не могут быть решены в двустороннем формате, многостороннее сотрудничество требует от участников высокого уровня международно-правового регулирования. Поэтому сотрудничество государств в рамках международных организаций считается важной сферой взаимоотношений. Известно, что Казахстан не остался в стороне от этого процесса и является инициатором создания ряда международных организаций. Он также развивает связи со своим восточным соседом Китаем в рамках международных организаций. В частности, динамично развивается сотрудничество в рамках ООН,

Шанхайской организации сотрудничества, Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, созданного по прямой инициативе нашей страны. Для Казахстана и Китая основной целью сотрудничества в рамках международных организаций является поддержание безопасности и стабильности в регионе. Наряду с поддержанием мира в регионе, в многостороннем формате развиваются и другие направления сотрудничества, такие как торговля, экономика, транспорт, а использование политического и экономического потенциала более чем двух стран является очень эффективным в развитии отношений. В статье рассматриваются проблемы и перспективы сотрудничества Казахстана и Китая в рамках международных организаций.

Ключевые слова: Международные организации, ООН, Шанхайская организация сотрудничества, СВМДА, межгосударственное сотрудничество, региональная безопасность.

M.A. Omarova^{1}, K.K. Smagulova²*

¹ candidate of Historical Sciences

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

Almaty Kazakhstan

² candidate of Philosophical Sciences

^{1,2} Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

KAZAKH-CHINESE COOPERATION WITHIN THE FRAMEWORK OF INTERNATIONAL ORGANIZATIONS: CURRENT STATE AND PROSPECTS

Abstract

Today international relations encompass not only interaction between states, but also have a global, transnational character. Modern threats and international problems require the participation of more members of the world community. In this regard, interaction of states within the framework of international organizations is of great importance. Since many issues cannot be resolved in a bilateral format, multilateral cooperation requires the participants to have a high level of international legal regulation. Therefore, cooperation between states within the framework of international organizations is considered an important area of mutual relations. It is known that Kazakhstan has not remained aloof from this process and is the initiator of the creation of a number of international organizations. It is also developing ties with its Eastern neighbor China through international organizations. In particular, cooperation is dynamically developing within the framework of the UN, the Shanghai Cooperation Organization, the Conference on Interaction and Confidence-Building Measures in Asia, created on the direct initiative of our country. For Kazakhstan and China, the main goal of cooperation within the framework of international organizations is to maintain security and stability in the region. Along with maintaining peace in the region, other areas of cooperation are developing in a multilateral format, such as trade, economy, transport, and the use of the political and economic potential of more than two countries is very effective in developing relations. The article examines the problems and prospects of cooperation between Kazakhstan and China within the framework of international organizations.

Keywords: International organizations, UN, Shanghai Cooperation Organization, CICA, interstate cooperation, regional security

Кіріспе. Жаһандану үдерісі белең алған қазіргі халықаралық жағдай әлем елдерінің түрлі қауіп-қатерлермен, түрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуде халықаралық ұйымдар көмегіне жүгінетіні белгілі. Әлемдегі бейбітшілікті сақтау негізгі мақсаты болып табылатын БҰҰ мемлекеттерді біріктіретін ортақ мәселелерді шешуде делдал рөлін атқарады. Әлемдік қауымдастық мүшелерін біріктірген бұл ұйымның халықаралық, мемлекетаралық мәселелерді шешуде, елдер арасындағы дау-жанжалдарды реттеудегі маңызы зор. Себебі ең беделді әрі ең өкілетті ұйым ретінде кез-келген мәселеде елдердің әлеуетті мүмкіндіктері мен объективті шарттарын ескере отырып, тығырықтан шығу жолдарын көрсетеді.

Әдіснама. Қазіргі жаһандық жағдайларға дамуына байланысты Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығын зерттеу мақаланың негізі болды. Мақалада салыстырмалы, тарихи, жүйелік әдістер қолданыла отырып ғылыми-практикалық жағы ашылды.

Негізгі бөлім. Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстар тек екіжақты ғана емес, көпжақты форматта, сондай-ақ халықаралық ұйымдар шеңберінде де жүзеге асып келеді. 2004 жылдың 17 мамыр күні Қытайдың сол кездегі төрағасы Ху Цзинтаоның Қазақстанға сапары барысында қол қойылған

бірлескен декларацияның 17-пунктінде Қытай мен Қазақстанның халықаралық және аймақтық қатынастардағы мүдделері негізінен сәйкес келетіндігі атап өтілген болатын. Сонымен қатар тараптардың Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған нормаларына негізделген әділ және демократиялық әлемдік тәртіпті орнатуды қолдайтыны айтылған. Тараптар халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешуді жақтайтыны, халықаралық қатынастар жүйесін жетілдіретіні, қазіргі әлемде Біріккен Ұлттар Ұйымының орталық рөлін қамтамасыз ететіні және дамудың бірнеше модельдерін жүзеге асыруды қолдайтыны туралы айтылды. Қазақстан тарапы мен Қытай тарапы БҰҰ Жарғысының мақсаттары, принциптері мен халықаралық құқықтың жалпы қабылданған нормалары негізінде БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберіндегі екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтатыны туралы мәлімдеді [1].

Осы құжаттың 18-тармағында екі тарап Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде қол қойылған келісімдерді жоғары бағалайтыны және Шанхай ынтымақтастық ұйымының дамудың жаңа кезеңіне аяқ басқандығы айтылған. Тараптар Бейжіңде орналасқан Шанхай ынтымақтастық ұйымы Хатшылығының және Ташкент қаласында орналасқан Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық антитеррорлық ұйымының ашылуы ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы өзара ынтымақтастықты тереңдетуге, аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауға және кеңейтуге көмектеседі деп келісті. Аймақтық өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастық та осы ұйым шеңберінде қарастырылуда. Екі тарап 2003 жылғы 23 қыркүйекте Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің премьер-министрлері бекіткен көпжақты экономикалық және сауда ынтымақтастық жоспарын іске асыру үшін бірлесіп жұмыс істейтіні және сауда мен инвестицияларды одан әрі жетілдіру негізінде барлық тараптар үшін қызығушылық тудыратын ірі жобаларды зерттеу және іске асыру арқылы экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендіктері айтылған.

Кеңес Одағының ыдырауымен Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан – бес мемлекет ХХ ғасырдың 60-жылдарында қалыптасқан әсері алауыздықты тоқтату және тарихтан қалған кеңес-қытай шекара мәселесін шешу үшін Қытай жағы – бір тарап, ал Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан – мемлекет екінші тарап болып, 1980-жылдарда жандана бастаған шекара мәселесін шешуге арналған келіссөздерді жалғастырды. Қытайдың Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанмен шекара аймағында өзара әскерді қысқарту туралы келіссөздері 1989 жылдың қараша айынан басталады. Келіссөздер ол кезде Қытай мен Кеңес Одағы, яғни екі мемлекет арасында жүргізілді. Соңынан өзара келіссөздер «Шанхай бестігі» аясында жалғасын тапты. Сонымен, бес мемлекет арасындағы шекара аймағындағы әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қойылуы кезіндегі Қытай мен КСРО арасындағы шекарада ғасырлар бойы орын алып келген тұрақсыздық пен сенімсіздікті біржола сейілткендей болды. Сол үшін бұл түбегейлі тарихи оқиға болып табылады [2].

Сол тарихи оқиғадан бері 30 жылдай уақыт өтті. Осы уақыт аралығында Кеңес Одағы ыдырап, орнына Тәуелсіз мемлекеттер достастығы пайда болды. Кеңестік республикалар тәуелсіздігін жариялап, халықаралық қатынастардың жаңа субъектілеріне айналды. Халықаралық жағдай қалай өзгерсе де, ортақ мәселе жоғарыда аталған мемлекеттерді қайта біріктіріп, бір ұйым аясында ынтымақтасуға алып келді. Ортақ шекара біріктерген Қытай мен бұрынғы КСРО елдері шекара мәселесін қайта жандандырып, нәтижесінде «Шанхай бестігі» құрылған болатын. Ұйым дами келе, құрамына жаңа мүше-мемлекеттердің кіруімен бүгінде беделді ірі халықаралық құрылымға айналды.

Шанхай ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) – 2001 жылы 15 маусымда Қытай, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстан басшылары құрған халықаралық ұйым. 2015 жылдың 10 шілдесінде Үндістан мен Пәкістанның ШЫҰ-ға кіру рәсімінің басталғаны туралы жарияланды. 2017 жылғы 9 маусымда Үндістан мен Пәкістан ШЫҰ-на толық мүше болды. ШЫҰ елдерінің жалпы аумағы 34 млн км²-ден асады, бұл Еуразия аумағының 60% құрайды. ШЫҰ елдерінің жалпы халқы 3 миллиард 40 миллион адамды құрайды (2015), әлем халқының жартысы. Қытай экономикасы номиналды ЖІӨ көлемі бойынша әлемдегі екінші, ал сатып алу қабілеттілігі бойынша ЖІӨ бойынша 2014 жылдан бастап бірінші орынға ие. ШЫҰ әскери блок емес. Ұйымның негізгі міндеттері қатысушы мемлекеттерді біріктіретін кең кеңістіктегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, терроризмге, сепаратизмге, экстремизмге қарсы күрес, есірткінің заңсыз айналымы, экономикалық ынтымақтастықты дамыту, энергетикалық серіктестік, ғылыми және мәдени өзара ынтымақтастық.

Әлем экономикасында алар орны ерекше Қытай елі, жетекші елдердің үштігіне енеді. Қазірде Қытай Халық Республикасының мықты халықаралық атағы, оның экономикалық дамуынан да тез артып келеді. Дегенмен, республика ХХ ғ. 70-ші жылдарында толықтай халықаралық оқшаулауда болды және көрші жатқан мемлекеттермен дипломатиялық байланыста болмады. Сондай-ақ БҰҰ-на да тек 1971 жылы ғана

қабылданды. Ал бүгінде жаһандық және аймақтық халықаралық аренада маңызды рөл ойнайтын Бейжіңнің пікірін әлемдік саясатта ешкім жоққа шығара алмайды. Қазіргі кездегі халықаралық қарым-қатынастарды орнатуда Бейжіңнің көрсеткен үлгісі маңызды болды, себебі ішкі саясаттың қиындауына байланысты ондаған жылдар бойы оқшауда болған Қытай бар жоғы 25 жыл көлемінде жетекші елдер қатарына енді [3]. Қытай экономикасының әлемдік экономикаға интеграциялануы барысында өзінің қабілеті мен мүмкіндіктеріне орай бейбітшілік пен жалпы адамзат дамуы үшін көптеген халықаралық міндеттер мен жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын. «Бір белдеу – бір жолды» бірлесіп салу ұсынысы экономикалық факторлардың еркін және ретті қозғалуына ықпал етуге, ресурстарды тиімді бөлу мен нарықтық интеграцияны тереңдету, осы жобаға қатысушы барлық мемлекеттердің экономикалық саясатын үйлестіре отырып, тұрақты дамуға жетелейтін аймақтық ынтымақтастықты орнатуға бағытталған. 2013 жылдың қорытындысы бойынша Қытай АҚШ-ты сыртқы сауда көлемі бойынша алғаш рет басып озды. Жібек Жолының Экономикалық белдеуі стратегиясының жүзеге асуы Қытайдың Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттермен сауда айналымын 2020 жылы 537,57 млрд. долларға жеткізуге мүмкіндік береді [4].

Қазақстан президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы Қытайға сапары нәтижесінде қол қойылған бірлескен мәлімдемеде екі тарап әскери саладағы прагматикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге, топтық сапарлар, кадрларды даярлау және бірлескен оқу лигалары сияқты салалардағы алмасулар мен ынтымақтастықты жалғастыруға, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы көпжақты ынтымақтастыққа бірлесіп қатысуға дайын екендіктерін көрсеткен.

Тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымы халықаралық қатынастарда маңызды сындарлы күшке айналғанын қанағаттанушылықпен атап өтті. Ұйымның жаңа сынақтар мен қауіп-қатерлерге тиімді әрекет етудің үлкен әлеуеті бар. Екі тарап өзара сенім, өзара тиімділік, тендік, консультация, әр түрлі өркениеттерді құрметтеуге және ортақ дамуға ұмтылуға, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен міндеттерін ұстануға және саясатты, қауіпсіздікті және қауіпсіздікті одан әрі дамыту үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымының 2025 жылға дейінгі даму стратегиясына сүйенуге дайын. Экономика және сауда, мәдени-гуманитарлық ғылымдар, технологиялық инновациялар және тағы басқа салаларда да ынтымақтастықты дамыта беретін болады.

Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары жүйесінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) ерекше орын алады. Бүгінгі таңда АӨСШК-ге 26 мемлекет кіреді: Әзірбайжан, Ауғанстан, Бахрейн, Бангладеш, Вьетнам, Египет, Израиль, Индия, Иордания, Хашимиттік Корольдігі, Ирак, Иран, Қазақстан, Катар, Камбоджа, Қытай, Корея Республикасы, Қырғызстан, Моңғолия, БАӘ, Пәкістан, Палестина, Ресей, Тәжікстан, Таиланд, Түркия, Өзбекстан. Бақылаушылар - Индонезия, Малайзия, АҚШ, Украина, Шри-Ланка, Филиппин, Жапония және халықаралық ұйымдар: БҰҰ, ЕҚЫҰ, Араб мемлекеттері лигасы. АӨСШК-нің қазіргі төрағасы – Тәжікстан Республикасы, әкімшілік орган: Хатшылық Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан.

Алғаш рет АӨСШК шақыру идеясын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылғы 5 қазанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-сессиясында айтқан болатын. Мемлекет басшысы бастаманың мәні Азия құрылығында оған дейін тиімсіз әрі сәтсіз болған тетікті қалпына келтіру, қауіпсіздіктің тиімді және әмбебап құрылымын құру екендігін атап айтқан. Жаңадан құрылған мемлекет Басшысының айтқан ұсынысының өзектілігі ғаламшар халқы ең көп орналасқан аймақта көптеген қақтығыстар мен бірқатар мемлекеттер арасындағы өзара сенімсіздікке толы болуымен түсіндірілді. Бүкіл әлемдік қоғамдастықтың алаңдаушылығына ядролық қаруды тарату, заңсыз көші-қон, қоршаған ортаның күрт нашарлауы, экстремизм мен есірткі бизнесінің Азияда қалыптасып келе жатқан мәселелері себеп болды.

Сондықтан АӨСШК шақыру идеясы бірқатар Азия мемлекеттері мен БҰҰ, ЕҚЫҰ және АЕЛ сияқты халықаралық ұйымдардың қолдауына ие болды. Форумның бірінші Саммиті 2002 жылы 4 маусымда өтті. Оған Қазақстан, Ресей, Қытай, Пәкістан, Түркия, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан және Ауғанстан басшылары, Әзірбайжан мен Үндістан премьер-министрлері, Иран, Египет, мемлекеттердің уәкілетті лауазымды тұлғалары және байқаушы ұйымдардың өкілдері қатысты. Палестина мен Израиль өкілдерінің Саммитке қатысуы ерекше жетістік болды. 22 қазанда 2004 жылы Сыртқы істер министрлерінің екінші кездесуі өтті. Оның басты нәтижесі сенім шаралары каталогын, рәсімдер ережелерін және АӨСШК екінші министрлер жиналысының декларациясын қабылдады.

Каталог аясында сенім шаралары 5 негізгі өлшем бойынша бөлінеді: әскери-саяси, жаңа қауіп-қатерлерге қарсы күресу, экономикалық, экологиялық, гуманитарлық.

Сенімді нығайтудың барлық шаралары біртіндеп және еріктілік негізінде жүзеге аса бастады. Осы процестің 20 жылдығына арналған АӨСШК мерейтойлық кездесуі және форумның сыртқы істер министрлерінің төртінші кездесуі 2012 жылғы 12 қыркүйекте Астана қаласында өткен болатын. Нұрсұлтан Назарбаев өзінің құттықтау сөзінде АӨСШК маңыздылығы мен тиімділігіне тоқталды. Президент АӨСШК арқасында түрлі мәдениеттер, өркениеттер және даму модельдерінің арқасында жалпыазиялық үнқатысуды орнатуға қол жеткізді. 2014 жылғы мамырда өткен Шанхай Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) 4-ші саммиті процестің дамуындағы маңызды кезең болды: кездесулердің басты нәтижесі Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен АӨСШК арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою болды. Басты құжат - Төртінші саммиттің декларациясы да қабылданды. Ұйымның мемлекет басшылары Бангладеш пен Катарды Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің жаңа мүшелері ретінде қабылдады [5].

Қытай төрағасы Си Цзиньпин АӨСШК 4-ші саммитінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес бүкіл аймақтағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелерін талқылауға арналған алаң болуы керек, осының негізінде аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа архитектурасы құрылуы мүмкін деп мәлімдеді. 20 жыл ішінде АӨСШК өзара түсіністікті тереңдетуге, келісімдерге қол жеткізуге және ынтымақтастықты нығайтуға үлкен үлес қосты. Қазіргі уақытта Азия халықтары бейбітшілік пен тұрақтылыққа ұмтылуда, қауіпсіздік мәселелеріне қарсы тұру үшін ортақ күш-жігерді қажет етеді, – деді Қытай басшысы. Сондай-ақ өз сөзінде Си Цзиньпин АӨСШК хатшылығының қызметін жетілдіруге және АӨСШК шеңберіндегі мүше-мемлекеттердің қорғаныс проблемалары бойынша консультациялар тетіктерін құруға шақырды. Қытай Президенті лаңкестікпен күресте, сауда-экономикалық, туризм, экологиялық және гуманитарлық салалардағы алмасулар мен ынтымақтастықты нығайтуды ұсынды. Ол сонымен бірге АӨСШК-нің басқа аймақтық ұйымдармен үйлестірілуі мен ынтымақтастығының маңыздылығын атап өтті [6].

Осы саммит қорытындысы бойынша қол қойылған Декларациядан үзінді келтірсек:

«Біз АӨСШК-нің тиісті құжаттарында, атап айтқанда саммиттерде және министрлер деңгейінде қабылданған құжаттарында ядролық энергияны таратпау, қарусыздану және бейбіт мақсатта пайдалану жөніндегі міндеттемелерімізді тағы да қуаттаймыз. Біз жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнетін қатерді ядролық қарудың жалғасуы мен таралуымен байланыстырамыз. Біз Қазақстан Республикасының БҰҰ Бас ассамблеясына ядролық қарудан азат әлем туралы Жалпыға ортақ декларацияны қабылдауға шақыру туралы бастамасын назарға алдық. Біз ядролық қаруды жаппай және толық жоюды және барлық адамдар үшін кемсітпеу, тең және бөлінбейтін қауіпсіздік қағидаттарына негізделген ядролық қаруды таратпау режимін нығайтуды қолдаймыз. Біз АӨСШК мүше-мемлекеттерінің жиналысы құрылғаннан бері сенім шараларын нығайту мақсатында диалог пен ынтымақтастыққа белсенді түрде қатысып отырған күш-жігерін білеміз және бағалаймыз. Біз ынтымақтастықты одан әрі ілгерілетуге, АӨСШК үдерісін дамыту бойынша жұмыс істеуге және Азиядағы маңызды рөлге ие болу ниетін қолдауға дайын екенімізді білдіреміз. Біз Саммитте қабылданған Шанхай декларациясының негізінде әрекет етуге және Азиядағы тұрақты бейбітшілік пен жалпы өркендеуді қамтамасыз етуге өз үлесімізді қосуға дайынбыз».

АӨСШК-ге кіретін мемлекеттер алдында тұрған қандай мәселелер бар деген сұраққа жауапты белгілі отандық қытайтанушы-ғалым К. Сыроежкиннің Сяньгандық «Вэньхуэйбао» газетіне берген сұхбатынан табуға болатын секілді. К. Сыроежкиннің пікірінше, АӨСШК-ге мүше мемлекеттер арасындағы тарихи, идеологиялық, діни және басқа да айырмашылықтар кеңес жұмысының тиімділігіне әсер етеді. Алайда, негізгі мәселе – Азия мемлекеттерінің бір бөлігі батыстық саясатты ұстануды жөн көреді және «біріккен азиялық майдан» ретінде әрекет етуге бейім емес. Дәл осы жағымсыз үрдісті саммитте жеңу керек. Бұл үшін перспективалар бар, өйткені АӨСШК-ге мүше мемлекеттер арасында ғана емес, сонымен қатар осы форумға әлі кірмейтін Азия елдері арасында да байланыс нүктелері бар. Олардың «біріккен азиялық майдан» ретінде әрекет ету қажеттілігін түсінуі өте маңызды. Егер бұл болса, онда барлық басқа айырмашылықтар мен қиындықтарды жеңуге болады [7].

Си Цзиньпин Қытайдың АӨСШК төрағасы ретіндегі міндеттерін орындауға дайын екендігіне сендірді. Қытай елі осы кеңес үдерісінің белсенді мүшесі ретінде әрекет етті. Осылайша, жиырма жылдан астам уақыт ішінде АӨСШК аймақтық қауіпсіздік тетігін нығайтудағы сындарлы рөлінің арқасында өзектілігі мен өміршеңдігін дәлелдеді.

2019 жылы 19 желтоқсанда Чунцин қаласында Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы елшісі Ғ.Қойшыбаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің үкіметтік емес форумының 3-ші конференциясына қатысты. Бұл іс-шараның ұйымдастырушылары Чунцин әкімшілігінің қолдауымен Қытай Халықтық Халықаралық қатынастар институты және Қытай Халық дипломатиясы

қауымдастығы болды. ҚХСК комитеті төрағасының орынбасары Ся Баолун төрағалығымен өткен конференцияға Чунциннің басшылығы, Қытайдың мемлекеттік органдары мен ғылыми құрылымдарының өкілдері, мүше мемлекеттердің делегациялары, АӨСШК бақылаушы елдері және бірқатар халықаралық ұйымдар қатысты. Іс-шара аясында форумның құрметті қонақтарын ҚКП ОК Саяси Бюросының мүшесі, Чунцин партия комитетінің хатшысы Чен Минер қарсы алды. Өз сөзінде Ғ.Қойшыбаев Қазақстанның АӨСШК даму перспективаларына қатысты көзқарасын ұсынды. Атап айтқанда, ол Кеңес құрамын кеңейту, АӨСШК-ін толыққанды аймақтық ұйымға айналдыру, сондай-ақ басқа да халықаралық және аймақтық ұйымдармен өзара іс-қимылды нығайту бойынша жұмысты жалғастырудың маңыздылығын атап өтті. АӨСШК-нің үкіметтік емес форумын өткізу ұсынысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бастамасымен 2014 жылы АӨСШК саммитінде айтылды. 1 және 2-ші АӨСШК-нің үкіметтік емес форумдары 2015 және 2017 жылдары Бейжіңде өтті [8].

Сонымен, Қазақстан мен Қытай арасындағы ШЫҰ мен АӨСШК секілді ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастыққа тұрақты даму үрдісі тән екендігін айту керек. Себебі олар құрылғалы бергі өткізілген жоғары деңгейдегі кездесулер мен қол жеткізілген уағдаластықтар тұрақты сипатта алға басып, жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Аталмыш халықаралық ұйымдарға мүше-мемлекеттердің сан жағынан көбейе түсуі, сапа жағынан тереңдей түсуі олардың тиімділігін және мемлекеттердің осындай форматтағы байланыстарды нығайтуға мүдделі екендігін көрсетеді. Жоғары дәрежелі кездесулердің, саммиттердің нәтижесінде қол қойылған құжаттар мазмұны тек саяси ынтымақтастықты ғана емес, сондай-ақ қауіпсіздік, сауда-экономикалық, ақпараттық технологиялар, экология және тағы да басқа ынтымақтастықтың заманауи салаларын қамтып келеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастықтың қажетті деңгейде қарқын ала алмай отырғандығының себебі ретінде ұйымдарға мүше-мемлекеттердің барлығының бірдей саяси ұстанымының болмауында болып отыр. Бұл құбылыс, әрине, заңды да. Себебі мемлекеттік құрылымы, саяси жүйесі, идеологиясы әртүрлі елдердің әсіресе саяси мәселелерде бір ұстанымға келуі оңай шаруа емес екені айдан анық. Десек те, ортақ аймақтық мәселемен біріккен елдерге мәмілеге келу, сол арқылы жалпыға ортақ қауіп-қатерлермен және қиындықтарды жеңу алғашқы мақсаттардың бірі болып қала бермек.

Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстардың болашақтағы даму үдерісіне баға беруде мемлекет басшыларының немесе мемлекеттердің ресми өкілдіктері басшыларының сөздеріне жүгінуге болады. Болашақты бағдарлауда, әрине, өткендегі оқиғалар мен үдеріс негізге алынатыны сөзсіз. Негізгі мықты қаланған өзара байланыстардың шарттық-құқықтық негізі, байланыстар дамуының қарқындылығы, сауда айналымы, сапарлар саны сияқты көптеген факторларды ескере отырып, Қазақстан-Қытай байланыстарының болашағына болжам жасауға болады деп санаймыз.

Қытай мен Қазақстан өзара тиімді ынтымақтастық аясында қатынастар орнатуда. Дипломатиялық қатынастардың қалыптасуымен салыстырғанда біздің екіжақты тауар айналымымыз 40 есе өсті, Қытайдың Қазақстанға салған жалпы инвестициясы 33,4 млрд. доллардан асты. Қазақстан Қытай үшін Орталық Азиядағы ең ірі сауда серіктес және еуразиялық аймақтағы ең ірі инвестициялық нысанға айналды. Екі мемлекет бес шекара өткелін, бес трансшекаралық мұнай және газ құбырын, екі трансшекаралық теміржол желісін және «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығын ашты. Қытайлық компаниялар алюминий өндіретін электролиттік технология бойынша алғашқы қазақстандық зауытты, бірінші ірі су электр станциясын салды. Ляньюньган қытай-қазақстандық логистикалық терминалы Қазақстанға Азия-Тынық мұхиты аймағына теңізге шығуға мүмкіндік берді. «Қазақстан темір жолы» Қытайға Еуразиялық трансконтиненталдық дәлізге қосылуға мүмкіндік береді. Қытай төрағасы Си Цзиньпин Жібек жолының экономикалық белдеуін құру туралы үлкен тұжырымдаманы Қазақстанда жариялады, ал Мемлекеттік кеңестің премьері Ли Кэцян өндірістік қуаттылықтар бойынша қытай-қазақстан ынтымақтастығын дамыту үшін маңызды бастама көтерді. «Жібек жолы экономикалық белдеуі» қытайлық бастаманы және Қазақстанның «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын біріктіру бойынша жоспарлар сәтті жүзеге асырылды. Біздің елдеріміз жалпы сомасы 26 миллиард доллардан асатын 51-ші жобаны іске қосты. Қытай мен Қазақстан өзара тиімді ынтымақтастықтың жарқын үлгісі болды [9].

2018 жылдың 1 маусым күні Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Қытайдың Синьхуа агенттігіне берген сұхбатында екі елдің ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастығын сипаттап, болашағын бағамдаған болатын: «Соңғы 17 жыл ішінде ШЫҰ халықаралық беделге ие болды және көп салалы өзара әрекеттесудің сәтті алаңына айналды. Ұйымның нормативтік-құқықтық базасы қалыптасты және үнемі жетілдірілуде, оның берік институционалды негіздері жасалды. Бүгінгі таңда ШЫҰ қауіпсіздік, экономика және мәдени-гуманитарлық байланыстар сияқты салалардағы ынтымақтастықтың белсенді тетігі болып

табылады. Сонымен қатар, бірқатар тарихи оқиғалар Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық ынтымақтастықтың беделді құрылымы ретінде қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Біріншіден, бұл 2002 жылғы 7 маусымда Санкт-Петербургте ШЫҰ Хартиясының қабылдануы - ұйымның мақсаттарын, принциптерін, құрылымын және негізгі бағыттарын белгілейтін негізгі жарғылық құжат, сонымен қатар мүше мемлекеттердің 2007 жылғы 16 тамызда ұзақ мерзімді көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт жасасуы. жылдар Бішкек. Сонымен қатар, бұл ШЫҰ-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясының қабылдануы, онда біздің ұйымдағы жақын болашақтағы ынтымақтастығымыздың бағыттары мен басымдықтары айқындалған. Сондай-ақ, аймақтық антитеррорлық құрылымды / РАТС / ШЫҰ құру маңызды болды. Бұл құрылым мүше елдердің «үш зұлымдық» деп аталатын және трансшекаралық қылмыстың басқа түрлерімен күрестегі әрекеттерін үйлестіру арқылы жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке нақты үлес қосады. Сонымен, бұл ШЫҰ-ның өткен жылғы тарихи Астана саммитінің нәтижесінде орын алған сегіз мемлекетке кенеюі. Үндістан мен Пәкістанның ұйымға кіруімен ШЫҰ-ның жауапкершілігі қазір үш миллиардтан астам халқы бар аумақты қамтиды, бұл шамамен 30 пайызды құрайды. әлемдік экономика. Ұйымның басты жетістігі және оның бірегей ерекшелігі - мүше мемлекеттер әзірлеген «Шанхай рухы», бұл ШЫҰ елдерінің өзара сенімінің, олардың теңдігі мен дамуға ортақ ұмтылыстың көрінісі. ШЫҰ-ның одан әрі дамуы туралы айта отырып, мен ұйымның әлеуеті толық іске асырылмағанын атап өткім келеді, дегенмен бүгінде бұл ұйым бар және жаңа мәселелерді шешу үшін барлық жағдай мен ерекше жағдайды жасады. Осыған байланысты мен бірнеше перспективалы бағыттарды бөліп көрсетуге болады.

Нәтежелер мен талқылау. Біріншіден, бұл, әрине, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің сауда-экономикалық және инвестициялық өзара іс-қимылы. Осыған байланысты Даму банкі мен Даму қоры / Арнайы шот / ШЫҰ-ны мерзімінен бұрын іске қосу ерекше маңызды. Біз сондай-ақ ШЫҰ мен ЕАЭО елдерінің жобаларын Қытайдың «Белдеу мен жол» жаһандық бастамасымен теңестіруді ескере отырып, аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастықтың перспективаларын позитивті түрде қарастырамыз. Осы саладағы тығыз ынтымақтастық болашақта ШЫҰ-ның еркін сауда аймағын құруға қолайлы жағдай туғызуы мүмкін. Мұнда біздің елдеріміз өздерін қызықтыратын жобаларды зерделеуден бастап кезең-кезеңмен ілгерілей алады.

Екіншіден, транзиттік және көліктік ынтымақтастықты тиімді алға жылжытудың нақты мүмкіндіктері бар. Бұл бағыттағы алғашқы қадам - өткен жылдың қаңтарында, 2014 жылы Душанбеде халықаралық автомобиль тасымалы үшін қолайлы жағдай жасау туралы үкіметаралық келісім күшіне енді. Келесі кезеңде ШЫҰ елдері қол жеткізілген уағдаластықтарды іс жүзінде орындауға шоғырлануға мәжбүр болады.

Үшіншіден, біздің елдеріміздің халқын сапалы және экологиялық таза тамақпен қамтамасыз ету қажеттілігіне назар аудару қажет. Сарапшылардың бағалауы бойынша бұл проблема болашақта климаттың өзгеруіне байланысты әр түрлі табиғи элементтер мен аномалиялардың көбеюіне байланысты күрделене түседі. Бұл тұрғыда біз ұсынған азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ынтымақтастық бағдарламасы өзекті. Бұл құжаттың қабылдануы азық-түлікке қол жетімділікті қамтамасыз етуде, экономиканың аграрлық секторын дамытуда, сонымен қатар ШЫҰ елдерінде ауылшаруашылық өнімдерінің саудасын ынталандыруда маңызды қадам болар еді» [10].

Жалпы, Қазақстанның Қытаймен ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастығы саяси, қауіпсіздік салаларын басым бағыттар ретінде қарастырады. Еларалық байланыстардың басқа салалары көпжақты форматтан гөрі екіжақты форматта тиімді дамып келе жатқанын айту керек.

Қытайдың ШЫҰ-ға мүше мемлекеттермен және Жібек жолының экономикалық белдеуі жобасы қатысушыларымен экономикалық ынтымақтастығы тек екіжақты форматта ғана жалғасып дамып келеді, оған қоса ынтымақтастықтың негізі қытай капиталының қатысуымен жүзеге асып жатқан бірлескен жобалар болып табылады. Мысалы, Қазақстан екіжақты форматта Жібек жолының Экономикалық белдеуін Қазақстандық «Нұрлы жол» бағдарламасымен үйлестіруге келісті. ШЫҰ-ның экономикалық кеңістігінің кеңеюі халықаралық сауда қатынастары ережелерін өзгертуге жасалған талпыныстарға жауап ретінде басты нарық болып табылады. Ресей зерттеушілерінің пікірінше, ШЫҰ елдерінің экономикалық ынтымақтастығының тиімділігін арттыру үшін мынадай шараларды қолға алу керек:

1. Әлемдік тәртіпті жетілдіруге қатысты Шанхай ынтымақтастық Ұйымы елдерінің түрлі ұстанымдары ұйым жұмысының басымдықтарына назар аударта отырып, оның аймақтық қана емес, ғаламдық құрылымға айналуына жол ашады. 2025 жылға дейінгі ШЫҰ-ның даму стратегиясы бірқатар қателіктердің болуына байланысты Ұйымның ұзақ мерзімді даму болашағын айқын көруге мүмкіндік бермейді, стратегияның негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын аймақтық ынтымақтастықтың болашақтағы қамтамасыз етілуіне де жол бермейді. Сондықтан ұйымның ХХІ ғасырдағы өміршеңдігін

қамтамасыз ету үшін ШЫҰ дамуының стратегиялық ұстанымын ашу керек. ШЫҰ дамуының теңдестірілген стратегиялық ұстанымы мен көзқарасын қалыптастыру үшін және оның тиімділігін арттыру үшін ұйымға мүше мемлекеттермен қоса бақылаушы елдердің де сарапшылар қауымдастығын тарту қажет. Сонымен қатар ортақ стратегияны жасауда ұйымға кіретін әр мемлекеттің ұлттық мүдделері ескеріліп қана қоймай, келісілуі тиіс. Ортақ жұмыстың нақты болашағы анықталып, нәтижелеріне болжам жасалу қажет.

2. Еуразия елдерінің көшбасшылары В. Путин мен Н. Назарбаев айтқандай, еуразиялық нарықтың тұрақты және жақсы дамуы үшін тек Еуразиялық экономикалық одақтың ғана экономикалары жеткілікті емес. Осы себепті де «Үлкен Еуразия» ұғымы қалыптасқан болатын [11, 766.].

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының қайраткерлігінің басым тұсы ретінде аймақ қауіпсіздігін сақтай отырып, Қытайдың экономикалық ынтымақтастықты алға тартуы Ұйым үшін тиімді болар сөзсіз деп санайды ресейлік зерттеуші С.Г. Лузянин. Солайша, ол аймақтық диалог алаңынан Еуразия үшін негізгі шешімдер қабылдаудың толыққанды полюсіне айналады. ШЫҰ дамуының осындай эволюциясы аймақтық және халықаралық тұрақтылықты қамтамасыз ету тұрғысынан да, жаңа қауіп-қатерлерге қарсы тұруда, өзекті экономикалық мәселелерді шешуде маңызды бола отырып, халықаралық қатынастар жүйесінің жаңа құрылымын жасауға мүмкіндік туғызады. Ал Үндістан мен Пәкістанның ұйымға мүше болып кіруін Азиядағы ұжымдық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін құруға жасалған кезекті қадам ретінде қарастыруға болады [12].

Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық ұйымдар, соның ішінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы шеңберіндегі ынтымақтастық тиімділігінің айқындалмауының бірқатар себептері бар. Ол, бір жағынан, жоғарыда айтып кеткендей мәселені шешудегі екіжақты форматтың тиімділігімен байланысты болса, екіншіден ұйым құрылымының әлі де болса жетілмегендігімен түсіндіріледі.

К.Сыроежкин Орталық Азиядағы интеграциялық бірлестіктер жұмысындағы мәселелер ретінде мыналарды қарастырады:

ШЫҰ мен ТМД, ШЫҰ мен ЕурАзЭО, ШЫҰ мен ҰҚШҰ, ШЫҰ мен НАТО арасындағы өзара байланыстар қандай болу керек деген сұраққа жауапты тек қана ынтымақтастық ниеті туралы меморандумдар ғана жауап бере алады. Бірақ олар да толыққанды жауап бере алмайды, себебі аталған интеграциялық бірлестіктердің өздерінің даму болашағы айқындалмаған.

Кешенді мәселелердің екіншісі ШЫҰ-ның белді мүшелері болып табылатын Қытай мен Ресейдің ШЫҰ миссиясы мен болашағын түрлі ұстаным тұрғысынан қабылдауы болып табылады. Қытай үшін бұл ұйым өзі бастама көтеріп құрған көпжақты ынтымақтастықтың бір ғана және жалғыз аймақтық құрылым. ШЫҰ ҚХР-ның ғаламдасу мен әлемдік экономиканың аймақтану үдерісіне бейімделу тетігі ретінде қызмет етеді. ШЫҰ-дан Қытай саясидан гөрі экономикалық мүдделерді көздейді, ол Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық стратегиясының тиімді құралы болып саналады. ШЫҰ Қытай үшін Орталық Азияның энергия ресурстарына бағытталған жол ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия арқылы Еуропа нарығына шығу көзі болып табылады [13, 338б.].

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Қытайдың Қазақстандағы елшісі Чжан Сяо «Жаңа жылда жаңа ахуал – 2020 жылғы Қытай мен Қазақстан қарым-қатынастарының даму перспективалары» атты мақаласы бірқатар сайтта жарияланған болатын. 2019 жылғы өзара байланыстар дамуын баяндай келе, Қытай елшісі осы жылы Қазақстанның тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қытайда өткен «Белдеу мен жолдың» екінші халықаралық ынтымақтастық саммитіне қатысқанын, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің оны Қытай Халық Республикасының «Достық медалімен» марапаттағанын атап айтты. Оған қоса Қазақстан президенті Қ.Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік сапар жасағанын, сол сапар барысында екі мемлекет басшысы Қытай мен Қазақстан арасындағы тұрақты жан-жақты стратегиялық серіктестіктің дамытылғаны туралы мәлімдегені айтылған. Қытайдың Бүкілқытайлық Халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Ли Жанышудың, Мемлекеттік кеңестің вице-премьері Хань Чжэнь мен Орталық Комитет хатшысы Ян Сяодудың Қазақстанға жасаған сапарлары туралы айтқан. Саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстар дамуының қарқынды үрдісін атап айтқан елші екі ел арасындағы халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастықтың да болашағына тоқталған болатын:

«Екі тарап халықаралық деңгейде «Қытай мен Қазақстан арасындағы тату көршілік достық және ынтымақтастық туралы келісімге» және екі тарап қол қойған басқа да саяси құжаттарға сәйкес екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық рухын сақтап, БҰҰ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, АӨСШК және басқа да аймақтық және халықаралық ұйымдардағы ынтымақтастықты нығайтатын болады. Бір-бірінің негізгі мүдделерін қозғайтын басты мәселелер бойынша ынтымақтастық пен келісімді нығайту

және аймақтық және әлемдік бейбітшілікті, қауіпсіздік пен дамуды сақтау, адамзат үшін ортақ болашақ қоғамдастығын құруға, халықаралық қатынастардың жаңа түрін құруға және әділетті және орынды халықаралық тәртіп орнатуға жәрдемдесу үшін бір-біріне нақты және шынайы қолдау көрсететін болады. Сонымен бірге осы істерді жүзеге асыру үшін бірлесе, ынтымақтаса отырып күш-жігер жұмсап, өз үлестерін қосатын болады. Қытайда «Алыстағы туыстан жақындағы көрші жақсы» деген көне мақал сөз бар. Ондай сөз қазақта да бар екен. Қытай мен Қазақстанды бір-біріне жақын орналасқан таулар мен өзендер байланыстырады, даму мақсаттары ұқсас және ортақ күрес жолдары жақындастырады, тату көршілік, достық және өзара тиімді ынтымақтастық – екіжақтықатынастардың жалғыз және жақсы таңдауы. Біз болашақта да бірге жұмыс жасай беретін боламыз және 2020 жылы адамзат үшін ортақ болашақ қоғамдастығын құру жолында алға жылжу үшін аянбай жұмыс істейтін боламыз. Қытай-қазақ достығының шыршасы бұдан да көп жеміс беріп, екі елдің халқына пайдасын тигізсін» [14].

Қорытынды. 2019 жылдың қыркүйек айындағы Қазақстан президенті Қ. Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына сапары барысында халықаралық ынтымақтастық туралы айтылған болатын. Қ. Тоқаев Қазақстан мен Қытай әлемдік аренадағы сенімді серіктес екенін айта келе, халықаралық ұйымдар аясында екі ел бір-бірінің халықаралық бастамаларын қолдайтынын және жаһандық мәселелер үшін бірлескен жауапкершілік алатынын сенімділікпен жеткізді.

Қорыта келе, бүгінгі жаһандану заманында, түрлі мәселелердің трансұлттық сипат алуы жағдайында мемлекеттер арасындағы байланыстардың халықаралық ұйымдар шеңберінде жүзеге асуы өте өзекті болып келе жатқандығын айту керек. Ортақ шешімді, бірлесіп қарастыруды қажет ететін мәселелер де мемлекеттердің күн тәртібінен басты орындарға шығып келеді, сондықтан халықаралық ұйымдар аясындағы ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның да, Қытайдың да мемлекеттік мүдделеріне сай келетінін үлкен сеніммен айтуға болады. Болашақта да екі ел арасындағы ынтымақтастық БҰҰ, ШЫҰ, АӨСПК ұйымдары шеңберінде де қарқынды дами береді деп болжауға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттері тізімі:

1. *中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国的联合声明 (Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен мәлімдемесі)* // https://www.fmprc.gov.cn/web/ziliao_674904/1179_674909/t112254.shtml
2. *Омарова М.А. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар (1992-2010). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. –105 б.*
3. *Абдуллаев М. История международных отношений (XX в. II часть, 1945-2000 годы). 2011 г. – 23 с.*
4. *Гордиенко Д.Ф. Перспективы изменения уровня экономической безопасности стран-членов ШОС при реализации Стратегии Экономического пояса Шелкового пути // Стратегия Экономического пояса Шелкового пути и роль ШОС в ее реализации. Материалы круглого стола ИДВ РАН, 16 марта 2016. – С.52.*
5. *Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии // Официальный сайт Президента Республики Казахстан https://www.akorda.kz/ru/national_projects/soveshchanie-po-vzaimodeistviyu-i-meram-doveriya-v-azii_1340726104*
6. *Концепция «новой Азии» на саммите СВМДА в Шанхае – установление новых рамок сотрудничества в области безопасности и концентрация на поддержании мира и обеспечении развития // <http://russian.china.org.cn/22-05-2014>*
7. *«人民日报» (Народная ежедневная газета). 20.05.2014*
8. *Посол Казахстана в Китае принял участие в 3-й конференции Неправительственного форума СВМДА // Деловой Казахстан, 20 декабря 2019.*
9. *Чжан Ханьхуэй. Китай и Казахстан: грандиозные результаты, прекрасные перспективы // Казахстанская правда, 24 января 2017.*
10. *Президент Казахстана Н. Назарбаев о потенциале ШОС, отношениях между Китаем и Казахстаном и перспективах развития отношений между странами Центральной Азии / полный текст интервью // http://russian.news.cn/2018-06/01/c_137223569.htm*

11. Перспективы многостороннего сотрудничества ШОС с международными структурами в интересах развития стратегии Организации / отв. ред.-сост. Ю.В. Морозов. – М.: ИДВ РАН, 2019. – 344 с.
12. Лузянин С.Г. Поглacение, сопряжение или конфликт? ШОС, китайский проект «Шелкового пути и ЕАЭС: варианты взаимодействия в Евразии // Итоговый экспертно-аналитический доклад // http://www.ifes-ras.ru/images/abook_file/book-2019-sco.pdf
13. К.Л. Сыроежкин. Казахстан-Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. Книга 2.- Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – 384 с.
14. 张霄. 新年必有新气象 —2020年中哈关系展望 // <http://kz.mofcom.gov.cn/article/jmxw/202001/20200102929721.shtml>

References

1. Zhonghua Renmingongheguo he Hasakesitan gongheguode lianhe shengming // https://www.fmprc.gov.cn/web/ziliao_674904/1179_674909/t112254.shtml
2. Omarova M.A. Ortalyk Asia men Kytai arasyndagy bailanystar (1992-2010). – Almaty: Kazak universiteti, 2011. – b. 105.
3. M. Abdullayev. Istoriya mezhdunarodnykh otnosheniy (XX v. II chast, 1945–2000). 2011. - 23 s.
4. Gordienko D.F. Perspektivy izmeneniya urovnya ekonomicheskoi bezopasnosti stran-chlenov SHOS pri realizatsiyi Strategiyi Ekonomicheskogo poyasa Shelkovogo puti // Strategiya Ekonomicheskogo poyasa Shelkovogo puti yi rol SHOS v eyo realizatsii. Materialy kruglogo stola IDV RAN, 16 marta 2016. – S.52.
5. Soveshanie po vzaimodeistviyu i meram doveriya v Asiyi // Oficialnyi sait Prezidenta Respubliki Kazakhstan https://www.akorda.kz/ru/national_projects/soveshchanie-po-vzaimodeistviyu-i-meram-doveriya-v-azii_1340726104
6. Koncepciya «novoi Asiyi» na sammite SBMDA v Shanhaye – ustanovleniye novykh ramok sotrudnichestva v oblasti bezopasnosti i koncentraciya na podderzhaniyi mira i obespecheniye razvitiya // <http://russian.china.org.cn/22-05-2014>
7. «人民日报» (Narodnaya ezhednevnyaya gazeta). 20.05.2014
8. Posol Kazakhstana v Kitaye prinyal uchastiye v 3-I konferentsiyi Nepravitelstvennogo foruma SVMDA // Delovoi Kazakhstan, 20 dekabrya 2019.
9. Zhang Hanhui. Kitai i Kazakhstan: grandioznyye rezultaty, prekrasnyye perspektivy // Kazakhstanskaya pravda, 24 yanvarya 2017.
10. Prezident Kazakhstana N. Nazarbayev o potentsiale SHOS, otnosheniyah mezhdou Kitayem i Kazakhstanom i perspektivah razvitiya otnosheniy mezhdou stranami Centralnoi Asiyi / polnyi tekst interviyu // http://russian.news.cn/2018-06/01/c_137223569.htm
11. Perspektivy mnogostoronnego sotrudnichestva SHOS s mezhdunarodnymi strukturami v interesah razvitiya strategiyi Organizatsiyi / отв. ред.-сост. U.V.Morozov. – М.: IDB RAN, 2019. – 344 с.
12. Luzyanin S.G. Poglasheniye, sopryazheniye ili konflikt? SHOS, kitaiskiyi proekt «Shelkovogo puti i EAES: varyanty vzaimodeistviya v Evraziyi // Itogoviy ekspertno-analiticheskiyi doklad // http://www.ifes-ras.ru/images/abook_file/book-2019-sco.pdf
13. K.L. Syroyezhkin. Kazakhstan-Kitai: ot prigranichnoi torgovli k strategicheskou partnerstvu. Книга 2.- Алматы: KISI pri Prezidente RK, 2010. – 384 с.
14. Zhang Xiao. Xinnian biyou xin qixiang —2020 nian zhongha guanxi zhanwang // <http://kz.mofcom.gov.cn/article/jmxw/202001/20200102929721.shtml>